

Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлім Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы №02-2045 хатының негізінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитетінің 12.05.2025 жылғы №20-1-20-6/3284-И хатына сәйкес төмендегіні хабарлайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №1134 қаулысымен бекітілген Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының I тарауы Кәсіптік бағдар беру жұмысын дамытудың 10 қадамының 14-тармағы, 4-қадамын іске асыру мақсатында, атап айтқанда «Мектептерде 1000 бейіндік сынып құру» (қосымша 2) жөніндегі келесі ұсынымдарды жолдайды. 4-қадам. Мектептерде 1000 бейіндік сынып құру  
Концепт: еліміздің 1000 мектебінде университеттермен, жұмыс берушілермен және колледждермен бірлесіп экономика салаларын ескере отырып, бағыт бойынша бейінді сыныптар ашылады. Осы мақсатта білім беру ұйымдары мен кәсіпорындар арасында ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалады, кәсіпорындар мен оқу орындарының базасында тұрақты іс-шаралар өткізе отырып, міндетті кәсіптік бағдарлау көзделеді сыныптар өңірдегі 9, 10, 11 сынып оқушыларына арналған және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындары оқытатын өңірлік қажеттілікке сай мамандықтар тізіміне бағыттауы тиіс. Олар Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында көрсетілген концептке сәйкес құрылуы қажет. (қосымша 1)  
Құрылған бейіндік сыныптардың бағытын (бейінділігін) оқу жылы ішінде екі рет (әр жартыжылдықта бір рет) өзгертуге болады. Осыған орай, аудан орталығындағы мектептерден (қосымшада көрсетілген квотаға сәйкес) бейіндік сыныптарын ашып, осы туралы ақпаратты 2025 жылғы 26 мамырға дейін электронды ([abb\\_gulzira75@mail.ru](mailto:abb_gulzira75@mail.ru)) және баспа түрінде берулеріңіз тиіс.

Қосымша: 1 бет

Басшы



М. Сванов

## Қосымша 1.

№	Мектеп атауы	Ашылатын бейіндік сыныбы
1	Ә. Бөкейханов атындағы орта мектебі	1
2	Құлан мектеп-гимназиясы	1
3	№1 мектеп-лицейі	1
4	Ш. Уалиханов атындағы шағын орталықты орта мектебі	1
5	№6 мектеп-гимназиясы	1